

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 589 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 2209 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 589 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - тармақта:

«мынадай жобаларды» және «7000000000 (жеті миллиард)» деген сөздер «мына жобаны» және «5000000000 (бес миллиард)» деген сөздермен ауыстырылсын;  
екінші абзац алынып тасталсын;

2-тармақта «аталған инвестициялық жобаларды» және «оң қорытындыларын» деген сөздер «аталған инвестициялық жобаны» және «оң қорытындысын» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*